



Қазақстанның білім беру порталы
www.bilimportal.kz, 2023 год

ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Бұл куәлік растайды
Ақмахан Нұрайым Ерланқызы

магистрант

КазНУ

Алматы

Педагогикалық порталдың ресми сайтында оқу-әдістемелік
құрал жариялағаны туралы

Материалдың атауы/ тақырыбы:
Басқару психологиясы

Порталдың сайтындағы жариялаудың веб-адресі
<https://bilimportal.kz/baza-materialov/doc-23607>

Порталдың бас
редакторы



Оспанова А. Н.

Басқару психологиясы

ІСКЕР АДАМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ЭТИКАСЫ ТУРАЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБА

Іскерлік қарым-қатынасты ұстану дегеніміз – белгілі бір мақсатқа жету үшін топтастырылған субъектілердің өзара қимыл іс-әрекеті болып табылады. Бұл орайда тәжірбие алмасу, үйрену және үйрету процестері, ақпарат алмасу жүзеге асады. Яғни басқалай айтар болсақ, мақсатқа жетудегі құрал болып табылады. Ал іскер адамдардың психологиясын түсіне білу, ерекшеліктерін білу және этикасымен таныс болу, оны қолдану ең маңызды аспект болып табылады. Этика қызметтік міндетке, іскерлер қарым-қатынасқа әсер ететін тәртіп кодексі іспеттес аспект. Бұл тақырып тек іскер адамдарға ғана емес, қазіргі уақытта болашақ ұстаз болу үшін өз білімдерін жетілдіріп жүрген Филология факультеті: екі шет тілі мамандығы 1 курс магистранттары үшін де өзекті тақырып болып отыр.

Сәйкесінше, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің дисциплинасының бірі болып табылатын Жұбаназарова Назираш Сүлейменқызы мұғалім жетекшілігімен “Басқару психологиясы” пәнінде 1 курс магистранттары “Іскер адам психологиясы және іскерлік этика” тақырыбында

ІСКЕР АДАМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ЭТИКАСЫ ТУРАЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБА

Іскерлік қарым-қатынасты ұстану дегеніміз – белгілі бір мақсатқа жету үшін топтастырылған субъектілердің өзара қимыл іс-әрекеті болып табылады. Бұл орайда тәжірбие алмасу, үйрену және үйрету процестері, ақпарат алмасу жүзеге асады. Яғни басқалай айтар болсақ, мақсатқа жетудегі құрал болып табылады. Ал іскер адамдардың психологиясын түсіне білу, ерекшеліктерін білу және этикасымен таныс болу, оны қолдану ең маңызды аспект болып табылады. Этика қызметтік міндетке, іскерлер қарым-қатынасқа әсер ететін тәртіп кодексі іспеттес аспект. Бұл тақырып тек іскер адамдарға ғана емес, қазіргі уақытта болашақ ұстаз болу үшін өз білімдерін жетілдіріп жүрген Филология факультеті: екі шет тілі мамандығы 1 курс магистранттары үшін де өзекті тақырып болып отыр.

Сәйкесінше, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің дисциплинасының бірі болып табылатын Жұбаназарова Назираш Сүлейменқызы мұғалім жетекшілігімен “Басқару психологиясы” пәнінде 1 курс магистранттары “Іскер адам психологиясы және іскерлік этика” тақырыбында ізденістер жасалып, өзіндік зерттеулер жүргізілді. Семинар сабағында талқылау процесі жүзеге асты. Талқылауды бастамас бұрын, Назираш Сүлейменқызы семинар мақсатын, оның бағыттарын айқындап сабақ барысын ашып берді. Келесіде ой-талқыны ары қарай ашу үшін магистрант Айдынқызы Айнар іскерлік психологияның ерекшеліктері мен этика туралы жалпы мағлұмат беріп өтті. Іскерлік әңгіменің іскерлік психологияны анықтау барысындағы маңызды бөлігі екендігі анықталды. Іскерлік талқылау, өзара ақпарат алмасу арқылы

келесі бір тұлғамен байланыс орнатылатындығына және психологиялық мінез-құлқын, жай күйін анықтауда үлкен рөл атқарылатындығын атап өтті. Магистрант Талғатқызы Диана өз кезегінде іскерлік этика кезіндегі ережелерді атап көрсетті. Іскер адамдар күнделікті өмірінде жүздеген кездесулерге барады, әртүрлі психологиялық мінез-құлықтағы адамдармен сөйлесуде орынды сөйлеу секілді этикаларды білу арқылы оңтайлы нәтижелерге жетері сөзсіз. Сонымен қатар, магистрант Алмабекова Алтынай іскерлік адамның психологиясына эмоционалдық әсер ету туралы нақты мәліметтер мен Л.А.Вайнштейннің “Басқару психологиясы” атты еңбегінен мысалдар келтірді. Психологияны түсіну арқылы туындауы мүмкін мәселердің алдын алуға болатындығы түсіндірілді. Өзге магистранттар арасында сұрақтар қойылды. Сұрақтарға жауап ала отырып, студенттер өз білімдерін жетілдіре алды және алдағы уақытта қажет болатын тәжірибие жинай алды. Сұрақтар легі келесідей болды:

- Іскер адамның психологиясын білу арқылы қандай пайда ала аламыз?
- Іскерлік этикадан хабары болмаған тұлға қандай қиындықтарға ұшырауы мүмкін?
- Өмірде көп кездесетін этика қайшылықтары мысалдары қандай?

Барлық маңызды мағлұматтар айтылып, қорытындыланған соң, семинар соңында Назираш Сүлейменқызы өз сөзінде магистранттардың жақсы жұмыс жасап, тақырыпты аша алғандығын атап өтті. Белсенді студенттер аталып, оларға алғыс білдірілді. Екі шет тілі мамандығының магистранттары да іскерлік мансапта қажетті білім ала алғандығы үшін рахметін білдірді. “Басқару психологиясы” пәнінің көмегімен магистранттар болашақ өмірде, соның ішінде іскерлік жолында керек болатын құнды ақпараттар ала алды. Басқару психологиясын және этикасы туралы оқу арқылы магистранттар мәселелердің туындауына жол бермеу, ал туындаған жағдайда шешу жолдары туралы жетік білім алды.

Жубаназарова Н.С.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
психология ғылымдарының кандидаты, профессор
Садыкова Н.М.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
психология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
Ақмахан Н.Е.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты